

ӘОЖ 373:811.512.122

КБЖ 74.268.1

Ж28

*«Балдәурен-Қапшағай» Республикалық оқу-сауықтыру орталығының әдістемелік кеңес шешімімен баспаға жіберілді.*

*15.02.2019 ж №4 хаттамасы*

**Жалпы редакциясын басқарған:**

**Кульмагамбетов Р.С.** - «Балдәурен-Қапшағай» РОО филиал директоры;  
**Каппасова С.Е.** - «Балдәурен-Қапшағай» РОО филиал директорының ОТЖ орынбасары

**Редакциялық алқа мүшелері:**

**Шамахова А.И.** - «Балдәурен-Қапшағай» РОО білім кешені директоры, филология ғылымдарының докторы, доцент;  
**Алғуатова Ж.К.** - әдістемелік бөлім әдіскері

**Құрастырушылар:** Кулжанова Г.Н., Кожамсеитов Р.Б., Мурат Ж.К.

**Ж 28 «Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі» :** Республикалық семинар-практикумның материалдар жинағы / құраст: Кулжанова Г.Н., Кожамсеитов Р.Б., Мурат Ж.К., -Алматы «Онон», 2019.-284 б.

ISBN 978-601-7153-97-7

Оқырман назарына ұсынылып отырған жинақта «Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі» тақырыбындағы республикалық семинар-практикум қатысушыларының материалдары енгізілген. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің озық іс-тәжірибелерінің іс-шаралары, оқыту үрдісінде жаңа тәсілдерді енгізу барысындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы қысқа мерзімді жоспарлар үлгілері, шебер -сыныптар, баяндамалар жинақталған.

Жинақ барлық педагогтар қауымына, студенттерге, жас мамандарға жұмыс барысында қолдануға ұсынылады.

ӘОЖ 373:811.512.122

КБЖ 74.268.1

ISBN 978-601-7153-97-7

Қ.Жұбанов та осы топтастыруға сүйене отырып, реттік, есептік, жинақтау және бөлшектік сан есімдерді атайды да, реттік\* сан есімдерді өз ішінен тең үлес түрі (екі-екіден т.б.); болжал түрі (бес-он; бестер, он шақты т.с.с.) деп жіктейді.

<i>А.Байтұрсынұлы</i>	<i>Қ.Жұбанов</i>	<i>«Қазақ грамматикасы»</i>
есептік	реттік: тең үлес түрі (екі-екіден т.б.); болжал түрі (бес-он; бестер, он шақты т.с.с.)	есептік
реттік	реттік	реттік
жинақтық	жинақтық	жинақтық
бөлшектік	бөлшектік	бөлшектік
		болжалдық
		топтау

Топтау сан есімдері мен болжалды сан есімдер сан есімге көптік жалғауы шығыс септік жалғауы, **-лап-леп** тұлғаларының қосылуы арқылы жасалған. Аталған тұлғалардан басқа сан есімге **-пікі, -дағы/-дегі, -дай-дей, -сыз/-сіз, -лы/-лі, -лық/-лік** т.с.с. қосымшалар да жалғана береді. Алайда ол қосымшалар жалғанған сөздің бәрін сан есімнің мағыналық топтарына қоса беруге болмайды. Кейінгі оқулықтарда топтау сан есімдері деп танылған *екеулеп, он-оннан, бір-бірлеп* т.с. с. сөздер үстеу ішінде де сөз болып, топтау (я саралау) үстеулері кейде мөлшер үстеуі ретінде беріліп жүр. Яғни бір форма екі түрлі сөз табының аясында қарастырылуда. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде болжалды сан есім мен топтау сан есімдері сан есімнің мағыналық топтары ретінде қарастырылмай, сан есімнен жасалатын басқа сөз таптарының қатарында, үстеу ретінде берілген. Яғни ғалымның оқулықтарында қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері, нақты табиғаты берілген. Қазақ тіл білімінде өзіндік із қалдырған ғалым – Ы.Маманов көлемдік-мекендік септіктер мен көптік форманың контекстке немесе түбір сөздің мағынасына байланысты әртүрлі мағыналық қырлары болатынын айта келіп, сан есімнің шығыс септік формасы (*бестен, бес-бестен*) мен көптік формасын (*ондар, жүздер*) мағынаға бағындырып, сан есімнің лексика-семантикалық топтарына жатқызудың ғылыми тұрғыдан негізсіз екендігін айтады [7, 83-84-б.].

Функционалды грамматика, коммуникативті синтаксис, когнитивті лингвистика мәселелері орыс тілі білімінде ХХ ғасырдың екінші жартысы, ХХІ ғасырдың басында ғана қолға алынып, арнайы зерттеу нысанына айналды. Алайда А.Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімі қалыптасу бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның бұл мәселелерді терең зерделеіп, түсінгені байқалады. Ғалым коммуникативті синтаксис, когнитивті лингвистикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, негізгі ұстанымдарын, функционалды-семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген. А.Байтұрсынұлы тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаштан алға басқанын көрсетсе, екінші жағынан, репрессия зардабының кесірінен ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де танытса керек.

Бүгінгі жиында көтеріліп отырған мәселеге қатысты ойымызды тұжырымдасак, ұлттық коддымызды сақтау үшін алдымен ойымызды, сөзімізді түзеуіміз керек. Ол үшін грамматиканы ережелер жиынтығы ретінде емес, тіліміздің өзегі ретінде түсіндіруіміз керек әрі ол қолданыстағы тілімізбен сәйкес келуі керек, керексіз келмеуі керек.

#### Пайдаланылған әдебиет:

1. А.Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. Астана; Алашорда, 2017. – 752 б.
2. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 1-т. - 183-226-б.
3. Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. -Казань, 1860. - С.16.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.
5. Кеменгерұлы Қ. Оқу құралы. - I кітап – Ташкент, 1928. –134 б.; II кітап - Қызылорда, 1929. -194 б.
6. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. - 783 б.
7. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - 488 б.

#### МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ҒЫЛЫМҒА БАУЛУ

Гүлжаһан Жұмабердіқызы ОРДА  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері  
филология ғылымдарының докторы

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын көпшілік «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының заңды жалғасы ретінде қабылдағаны белгілі.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Білімнің салтанат құруы» жөнінде: «Табысты білімнің негізін қалау үшін білімнің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бағарлау білік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген болатын. Осы пікірге сүйенетін болсақ, біліктің күшіне емес, білімге сенуге болатынын мектеп оқушылары да түсініп, өз білімдерін жетілдіріп жатқаны қуантады.

Қазіргі таңда бәсекелестік қоғамның барлық саласында кең етек жайды десек, соның негізгісі – білім, ғылым. Мектеп оқушыларын ғылымға баулу төменгі сыныптан басталатыны баршамызға белгілі. Мұндай жағдайда оқушыларға қарағанда ұстаздарға көп міндет жүктеледі. Ғылыми жұмысты жазу барысындағы жұмыс процесін шартты түрде төмендегіше бөлуге болады:

**Бірінші кезең – баланың икемін анықтау.** Ұстаздар қауымы бірінші кезекте, балалардың қабілетін анықтап алып, икеміне қарай белгілі бір салаға баулығаны абзал. Бір сыныптан бір дәрігер, бір ақын, бір инженер, бір ғалым, бір журналист, бір инженер шығуы мүмкін. 20-30 баланың бәрі бірдей ғылымға икемді болуы мүмкін емес. Сондықтан, ғылымға икемі бар баланы дұрыс таңдай білген жөн. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері әдебиетті сүйетін, өз жанынан өлең шығара алатын, мақала жаза білетін балаларды ғылымға баулығаны дұрыс.

**Екінші кезең – тақырып таңдау.** Көбінде ұстаздар қауымы тақырып таңдауда қиналып жатады. Бұл кезеңде ғылымның қоғаммен бірге дамитынын жадымызда ұстап отырғанымыз жөн. Мәселен, өткен ғасырдың екінші жартысындағы Алаш әдебиетін зерттеуге көңіл бөлінді. Неге? Себебі, 1988 жылдан бастап ұлттық мәдениеттің ақталғандық беттері толығы бастады. Ресми ақталған Бес арыстың мұрасын жинау, жүйелеу, қайта бағалау жұмыстары мемлекеттік тұрғыдан қолға алынды. Бұл тұста әдебиетшілер қауымы ұлттық әдебиеттің қайта дамуы мен өсіп-өркендеуіне қомақты үлес қосқан ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығына назар аудару тиім деректерді алыс-жақын шет елдердің мұрағаттарынан жинақтады, оларды жүйеледі. Жиналған деректерді XX ғасыр басындағы және жиырмаһиншы-отызыншы жылдардағы әдебиет Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы сияқты көне есімдермен толықты. Жиналған мұрағат деректерінің мерзімді басылымдардағы материалдардың көмегімен бұл кезең әдебиетіне Бернияз Күлеев, Мұхамеджан Сералин, Мұстафа Қайыпназаров, Мәжит Әбдіқалиев, Бекет Өтетілеуов, Өтебай Тұрманжанов, Қошқе Кеменгерұлы, Көлбай Тоғысов, Елжас Бекенов, Дәулетбай Бекет, Сағыр Камалов, Жиенғали Тілепбергенов, Қалқаман Әбдіқадыров, Самат Нұржанов, Хамза Әліұлы, Ерғали Алдоңғаров, Аманғали Сегізбаев, Нәзір Төреқұлов, Ғаббас Тоғжанов, Смағұл Сәдуақасов, Аманжол Ақсарин, Әлішер Токмағамбетов, Қадыр Тайшықов, Мәнсүр Ғатауллин, Құлмырза Өтепов, Әлібек Шаймерден сияқты ағартушылардың есімімен толықты. Орынбек Беков, Молдағали Жолдыбаев, Ыдырыс Мұстамбаев, Шаймерден сияқты ағартушылардың есімімен толықты.

2000 жылдардан бастап мемлекеттік «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» бағдарламасы мен «Мәдениет – 2030» стратегиясы жүзеге аса бастады. Кез келген ұлттың өркениетті елдер көшіне ілесіп, заманауи мәдениеттің алдында таныта алуына байланысты болмақ. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында атадан балаға берілетін 100 томдық «Бабалар сөзі» жарық көрді. Бүгінде бұл 100 томдық ұлттық брендке айналды. Бұл бағдарламаның арқасында 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақстан тарихы» жасалып, қазақ тарихы сақталып, тарихи ескерткіштерді қорғау алатыны анықталды, ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Ғылым Е.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында зерттелуге тиіс «Атқа міну мәдениеті», «Алтын адам», «Түркі әлемінің бесігі», «Ұлы Жібек жолы», «Алтын адамның ежелгі металлургия», «Аң стилі», «Алтын адам», «Архив – 2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің бесігі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», Дала фольклоры мен музыкасының мыңжылдығы, «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» сияқты тақырыптарды санамалап көрсетті. Бұл бағдарламаның арқасында 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақстан тарихы» жасалып, қазақ тарихы сақталып, тарихи ескерткіштерді қорғау алатыны анықталды, ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Мәселен, «Ұлы даланың ұлы есімдері» тараушасында: «...еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы дала тұрғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және кеңейту қажет. Бұл бағытта қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік мамандар да тартылатын жұмыстарды белсенді ұжым құруға болады. Нәтижесінде, біздің қаһармандарымыздың өмірі мен қызметі туралы толық білімдеріміз ғана емес, сондай-ақ, шет елдегілер де білетін болады», - деп атап көрсетті. Мектеп оқушыларын ғылымға баулу үшін білімнің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бағарлау білік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген болатын. Осы пікірге сүйенетін болсақ, біліктің күшіне емес, білімге сенуге болатынын мектеп оқушылары да түсініп, өз білімдерін жетілдіріп жатқаны қуантады.

Қазіргі таңда бәсекелестік қоғамның барлық саласында кең етек жайды десек, соның негізгісі – білім, ғылым. Мектеп оқушыларын ғылымға баулу төменгі сыныптан басталатыны баршамызға белгілі. Мұндай жағдайда оқушыларға қарағанда ұстаздарға көп міндет жүктеледі. Ғылыми жұмысты жазу барысындағы жұмыс процесін шартты түрде төмендегіше бөлуге болады:

**Бірінші кезең – библиографиялық көрсеткіш дайындау.** Академик Серік Қирабаев «Библиография – білімнің негізі» десе, академик Зейнолла Қабдоловтың сөзімен айтсақ, «библиография – ғылымның негізі». Сондықтан, кез келген тақырып таңдалған соң, оның библиографиялық көрсеткіші жа-салады. Қазіргі

таңда библиограф ғалымдар Ш.Сарыбаев пен Ә.Нарымбетовтың жанкешті еңбегімен «Қазақ әдебиеті» мен «Қазақ тіл білімінің» көп томдық библиографиялық көрсеткіші жасалды. «Қазақ совет әдебиеті», «Қазақ әдебиеті» деген библиографиялық көрсеткіштерде әдебиеттану, сын және өнердің библиографиялық көрсеткіші жасалса, «Сәкен Сейфуллин», «Ғабит Мүсірепов», «Зейнолла Қабдолұлы Қабдолов», «Шерғалин Рүстемұлы Елеукенов», «Махамбеттану», «Серік Смайылұлы Қирабаев», «Мүсілім Базарбайұлы Базарбаев» сияқты библиографиялық көрсеткіштерде жекелеген қаламгер-лердің өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер жинақталды. Бұлардың сыртында көптеген ақын-жазушылардың библиографиялық жасалғанын да айта кеткен жөн.

*Төртінші кезең – ғылыми аппарат жасау.* Онда ұлттық әдебиеттің әуелгі 3 томдық (6 кітап), кейін жасалған 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» сияқты іргелі академиялық ұжымдық зерттеулер нысаны алынғаны абзал. Ұлттық әдебиетті зерттеуде А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сынды аға буын өкілдері көп еңбек сіңірді. Қалыптасқан осы үрдісті Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, М.Қаратаев, Ы.Дүйсенбаев, Х.Сүйіншалиев, М.С.Сильченко, Н.С.Смирнова сынды ірі ғалымдармен бірге З.Ахметов, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Бердібаев, М.Базарбаев, Е.В.Лизунова, Ш.Сәтбаева, А.Нұрғалиев, С.Ордалиев, Ә.Дербісалин, Н.Ғабдуллин, Б.Уахатов, М.Дүйсенов, О.Нұрмағамбетова, Б.Наурызбаев, М.Хасенов, Т.Кәкішев, Ә.Нарымбетов, т.б. сынды ғалымдар жалғастырды. Қазақ әдебиеттану ғылымына қалыптасуы, өсіп-өркендеуі, қарыштап дамуы мен ұлттық әдебиетіміздің жекелеген жанрлар негізінде қарқынды дамуын жүйелі зерттеуге үлес қосқан осы есімдердің барлығы болмаса да, қолдарыңызға түскендеріңізге қарау керек. Соңғы оншақты жылдың көлемінде газет-журнал беттерінде жарияланған бірді-екі рецензияларды ғана қолданудан аулақ болған жөн.

*Төртінші кезең – жоспар құру.* Тақырып бойынша жиналған материалдарды іріктей отырып, олардың тұрғыда зерттеу қажеттілігі айқындалады. Мәселен, жұмыстың мазмұны төмендегідей болмақ:

#### **МАЗМҰНЫ**

##### **1 Кіріспе**

##### **2 Негізгі бөлім**

##### **3 Қорытынды**

##### **4 Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

*Бесінші кезең – талдау жұмыстарын жүргізу.* Тақырып нысанына әдеби талдау жұмыстарын жүргізу барысында төмендегі жайттар назарда болу керек:

1. *Кіріспе.* Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, алдына қойған мақсаты мен міндеттері, нысаны жаңалығы, қорғауға ұсынылатын тұжырым-түйіндері, әдістемелік және тәжірибелік маңызы айтылуы тиіс;

2. *Әдістеме.* Мұнда тақырыпты зерттеу барысында пайдаланған зерттеу еңбектер, жекелеген ғалымдардың тақырыпты зерттеуге қосқан үлесі, тақырыптың зерттелу деңгейі, зерттеу нысанына алынған материалдар, қолданылған әдіс тәсілдер: талдау, жинақтау, жүйелеу, т.б. қамтылады;

3. *Нәтижелер.* Тақырыпты зерттеу барысында қандай тұжырым-түйіндерге сүйене отырып тапшылаулар жасадыңыз? Сіздің ұсынған әрбір пайымдауыңыз ғалымдардың пікірлерімен үндесіп, бірінсіз-бірі туындап, бірін-бірі толықтырып жатуы тиіс;

4. *Талқылау.* Тақырыпты кешенді талдауға құруға болады. Немесе шығарманың құрылысы, оқиғаның жүйесі, кейіпкерлер жүйесі, стильдік ерекшеліктер, сөз қолданысы сияқты мәселелер төңірегінде зерттеу негіз бар;

5. *Қорытынды.* Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген тұжырым-түйіндеріңізде тақырыптың қазақ қоғамдағы өзекті мәселені көтеріп отырғандығы, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беретіндігі, алдағы уақытта тақырыптың жан-жақты түрде кешенді зерттелетіндігі санамалап көрсетілу керек (біріншіден, екіншіден, ...).

6. *Алтыншы кезең – қорытынды жасау.*

7. *Жетінші кезең – ғылыми жетекшінің ескертпелерін мұқият орындап, оң пікірін алу.* Кейін жағдайларда ғылыми жетекшімен телефон арқылы сөйлесіп, электронды поштамен хабарласып, пікірге қолың өтірік қою жағдайлары кездеседі. Оны қайдан білеміз? Сондай байқауларға сарапшы болған кезде қандай мекеменің мөрі қандай екендігін және әріптестерімізді жақсы білгендіктен, жіберілген техникалық кемшіліктер көзге тез шалынып жатады. Сондықтан, мұндай техникалық қателерге мұқият болған жөн.

Ғылыми жұмыстың негізгі талаптары толық сақталған жағдайда зерттеу толыққанды болып табылатын бағалау критерилері оң нәтиже көрсетеді.

Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы және тәуелсіздік тұсындағы әдебиет туралы ғылыми зерттеулерді көпшілік мұғалімдер біле бермейді. Сондықтан, бірсыпыра зерттеулердің тізімін төмендегі қосымшаларда ұсынып отырмыз. Кенестік дәуір тұсындағы зерттеулер қолжетімді болғандықтан, оларды білген деген ойдамыз.

## ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ МЕН ТЕОРИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

1. Көменгерұлы Қ. Қазақ тарихынан (1924),
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш (1926)
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы (1927),
4. Досмұхамедов Х. Қазақ халық әдебиеті (1928),
5. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті (1932),
6. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (1932),
7. Жансүгіров І., Сейфуллин С., Мәметова Ә., Майлин Б. Әдебиеттік оқу кітабы (1932),
8. Жансүгіров І., Мүсірепов Ғ., Көркем әдебиет жинағы (1933),
9. Қалпыбаев М., Әуезов М., Қоңыратбаев Ә. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы (1933),
10. Сейфуллин С., Тұрманжанов Ө. Көркем әдебиет (1934),
11. Қарабаев М. Қазақ совет әдебиеті (1938), Қазақ тілі мен әдебиеті (1939),
12. Қирабаев Қ. Әдебиет теориясы (1938), Қазақ әдебиеті (1942),
13. Ысмайылов Е., Ақшопанов Т. Әдебиет хрестоматиясы (1938),
14. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері (1940 (кітаптың «Кіріспе сөзінің» соңында «1938 ж. 1939 ж. февраль» деп жазылған. Соған қарағанда қолжазба баспада бір жылдай жатқан болса керек),
15. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті (1941)

Қосымша 2.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

1. Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). Тәуелсіздік дәуір әдебиеті (1991-2001). – 10-том. – Алматы: ҚазАқпарат. – 2005. – 992 б.
2. Қазақ романы: Өткені мен бүгіні. Ұжымдық монография (Жалпы редакциясын басқарған: ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д., проф., С.С.Қирабаев, жауапты шығарушы: филол.ғ.к. Г.Ж.Орда). – Алматы: «Алматы баспасы», 2009. – 644 б.
3. XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі (жауапты шығарушы). – Алматы: Ақпарат, 2011. – 608 б.
4. XXI ғасыр әдебиеті (2001-2011). Ұжымдық монография. – Алматы, 2011. – 640 бет.
5. Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. (9 кітап). – Алматы: «Signet Print», 2011. – 325 бет.
6. Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар (жауапты редактор). – Алматы: «Evo Press», 2014. – 384 б.
7. Ғалым әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуеті (Тәуелсіздік дәуіріндегі проза): Ұжымдық монография (жауапты редактор). – Алматы: «Print express», 2017. – 490 бет.
8. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография (жауапты редактор). – Алматы: «Print express», 2017. – 512 б.

ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА КӨРКЕМ СӨЗДЕРМЕН ЖҰМЫСТЫ  
ЖАҒАША ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Қабатай Б.Т.,

п.ғ.к., доцент, Абай ат. ҚазҰПУ

Біздің ойымызша, кез келген оқыту технологиясын сол сипатталған қалпында білім беру үрдісінде қолдануға беруге болмайды. Әсіресе бастауыш сатыда оқыту технологиясын оқушының уақытын, күшін, оқу қызығушылықтарын өз орнымен пайдаланып, балалардың оқу жүктемесін жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарай белгілеп, денсаулығына зиян келтірмейтіндей және баланың өзі түсінетіндей әрі оны қызықтыратындей етіп икемдеп қолдану қажеттілігі туындайды. Мәселен, сыни тұрғысынан ойлау технологиясының әлсіз-гәсілдерінің барлығын бірдей бастауыш сыныптарда қолдану тиімді нәтиже бермеуі мүмкін. ӘСН-1, ЖИГСО-1, ЖИГСО-2, т.б. стратегиялар 2-сынып балалары үшін күрделілеу. Сондықтан ұстаздар кез келген әлсіз тандарда аса мұқияттылық танытып, керегін дұрыс тандай алуы абзал. Қазіргі кезде ғаламторда, кейбір әдебиеттерде «сыни тұрғысынан ойлау–сынау емес шыңдалған ойлау» деген анықтамадан аяқ алып жүре алатындай, оқушыны практикалық ойлауға, яғни ойлау операцияларын қолдана алуға, атап айтқанда, сыни ойлауға, талдауға, жинақтауға, пікір айтуға төселдіру деп айтқанымыз әлдеқайда түсініктірек болар еді.

Жағартылған білім мазмұны жағдайында «Әдебиеттік оқу» кітабын жасуда сыни тұрғысынан ойлау технологиясының негізін құрайтын

1. Оқытушылықты ояту,